

**ЖАҢАЛЫҚТАР**

# Зеленский Ақ үйдегі Траппен кездесуі "жақсы өткенін" айтты

29 шілде 2026 жыл, 08:35



Украина президенті Владимир Зеленский (сол жақта) мен АҚШ президенті Дональд Трамп. Ақ үй, Вашингтон, 28 шілде, 2026 жыл.

Вашингтонға сапармен барған Украина президенті Владимир Зеленский 28 шілдеде Ақ үйде АҚШ президенті Дональд Траппен кездесті.

Украина басшысы кездесу "жақсы" өткенін айтып, талқыланған негізгі тақырыптар америкалық Patriot әуе қорғанысы жүйесіне арналған зымырандарды Украинада лицензиямен өндіру және Ресеймен бейбіт келіссөзді жандандыруды мәселесі жайлы болғанын мәлімдеді.

"Президент Траппен доғал кабинетте жақсы кездесу болды", – деп **жазды** Зеленский өз Telegram-арнасында. Ол АҚШ президентімен бірге түскен суретін қоса жариялады.



Хороша зустріч із Президентом Трампом в Овальному кабінеті. Дякую за все, що ми робимо разом, щоб захистити життя українців і досягти миру. Передусім висловив Президенту Трампу наші співчуття у зв'язку зі смертю Ліндсі Грема. Він був справжнім другом України.

Обговорили з Президентом ліцензії на виробництво перехоплювачів для «петріотів» та деякі інші ідеї, які можуть допомогти. Також говорили про дипломатію – важливо активізувати дипломатичний процес. Наші команди узгодять деталі їх подальшої комунікації. Вдячний Сполученим Штатам за міцну підтримку.



2.86K



563



286



55

305K 👁 Jul 28 at 15:24

"Украиндардың өмірін қорғау және бейбітшілікке қол жеткізу жолында бірлесіп атқарып жатқан барлық істер үшін рақмет. Ең алдымен президент Трампқа Линдси Грэмнің қазасына байланысты көңіл айттым. Ол Украинаның нағыз досы еді", – деген Зеленский Трамппен кездесуі қорытындысы жайлы постында.

Украина президенті Patriot әуе қорғанысы жүйесіне арналған зымырандардан бөлек, Трамп екеуі "көмегі тиюі мүмкін өзге де кейбір идеяларды" талқылағанын жазды.


"Сонымен бірге дипломатия жайлы сөйлестік – дипломатиялық процесті жандандыру маңызды. Біздің командаларымыз ары қарайғы байланыстарды келісетін болады. Құрама Штаттарға мықты қолдауы үшін разымын", – дейді Зеленский.

Трамп пен Зеленскийдің БАҚ өкілдерінен жабық өткен Ақ үйдегі кездесуі шамамен бір сағатқа созылған. Екі тарап келіссөз алдында да, одан кейін де журналистерге мәлімдеме жасамады.

Трамп Зеленскиймен кездескеннен кейін Ақ үйге Израиль премьер-министрі Биньямин Нетаньяху барды. Трамп пен Нетаньяху кездесуі де жабық өткен.

Ақ үйдің баспасөз хатшысы Кэролайн Левитт Трамптың Зеленскиймен және Нетаньяхумен кездесулері "оң әрі нәтижелі" өткенін хабарлады.

Трамп, Зеленский мен Нетаньяху сейсенбіде марқұм сенатор Линдси Грэмді ақтық сапарға шығарып салу рәсіміне қатысты. 71 жастағы Грэм Киевке сапармен барып, Зеленскиймен кездескеннен кейін АҚШ-қа оралған бетте 11 шілдеде **қайтыс болған** еді.



#### ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ

Украина президенті Владимир Зеленский АҚШ-қа барды

Айдар

ЖАҢАЛЫҚТАР

ЖАЛПЫ АРХИВ